

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Стоматология факультеті

«Алаяқтықтан қорғану жолы-сақтық шаралары» іс-шараның ХАТТАМАСЫ

https://www.instagram.com/reel/DO-qTiFDA03/?utm_source=ig_web_copy_link

Мерзімі: 24.09.2025ж.

Орны: Мәдениет сарайының, кіші мәжіліс залы

Ұйымдастырушы: Стоматология факультетінің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

П.Б.Тасенова, аға тәлімгер Б.А.Ашимбекова, Д.Есентаев

Қатысқандар: Стоматология факультетінің 1-4 курс студенттері

Іс-шараның мақсаты мен мәні: Шараның басты мақсаты- жастар арасында заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру, құқықтық сауаттылық арттыру және өскелең ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіру.



Іс-шара барысы:

Бұл тақырыпта ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАЕАК Түркістан облысы бойынша департаментінің бөлім прокуроры Мамыт Мейірхан Аманжолұлы сөз сөйледі: Алаяқтықтан қорғану үшін әр адамға сақтық шараларын білу маңызды. Қазіргі заманда алаяқтардың түрлері көбейіп келеді: интернет арқылы, телефонмен, банк картасы арқылы, тіпті күнделікті өмірде де кездеседі. Төменде негізгі сақтық шаралары берілген:

1. Жеке мәліметтерді қорғау. Банк картасының нөмірін, PIN-кодын, CVV кодын ешкімге айтпаңыз. Жеке куәлік деректерін бейтаныс адамдарға бермеңіз. Құпиясөздерді күрделі етіп қойып, жиі ауыстырып отырыңыз. 2. Интернеттегі қауіпсіздік. Бейтаныс сілтемелерді ашпаңыз, күдікті файлдарды жүктемеңіз. Өлеуметтік желілерде бөтен адамдардың хабарламасына абай болыңыз. 3. Телефон арқылы алаяқтықтан сақтану. Өзін банк қызметкері, полиция не мемлекеттік орган өкілі деп таныстырған адамға сенбеңіз. Күмәнді қоңырау алсаңыз, әңгімені тоқтатып, ресми нөмірге өзіңіз хабарласыңыз. 4. Қаржылық қауіпсіздік. Бейтаныс адамдарға ақша жібермеңіз. Жеңіл жолмен байытуға уәде ететін ұсыныстардан сақ болыңыз. Күмәнді инвестициялық жобаларға қатыспаңыз. 5. Күнделікті өмірде көшеде бөтен адамдардан ақша айырбастамаңыз. «Сыйлық ұтып алдыңыз» деген хабарламаларға сенбеңіз. Құнды заттарыңызды абайлап сақтаңыз. Егер алаяқтық жағдайына тап болсаңыз, бірден құқық қорғау органдарына хабарласу қажет екендігін ескертті.

Екінші болып ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАЕАК Түркістан облысы бойынша департаментінің бөлім прокуроры Уалихан Уеис Базарбекулы сөз сөйледі: AI-ға негізделген нәрселер адамдарды алдауда қолданылады: жасанды дауыс (voice cloning), фотосурет/видео «deepfake» (өзгертулер мен жасанды бейнелер), чат-боттарының жалған тұлға ретінде әрекет етуі, автоматты мәтін-генерация арқылы жалған жаңалықтар тарату т.б. Қарапайым қауіпсіздік ережелері (жеке адамдарға) Ешкімге жеке деректеріңізді (жеке нөмір, банк картасы нөмірі, пароль) дауыспен немесе бейне арқылы жібермеңіз. Түсініксіз ұсыныстар мен шұғыл төлем талаптарына күмәнмен қараңыз. Шынайылығын тексермей скриншот/бейне негізінде шешім қабылдамаңыз. Егер күмән тудырған жағдайда 102ге хабарласу керектігін есертті.

Үшінші болып ХҚТУ Заң факультетінің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары PhD, аға оқытушы Ибраев Жандос Габитович «Адалдық пен әділдік – ұлт құндылығы» тақырыбында сөз сөйледі: Адалдық пен әділдік – ұлт құндылығы әрбір халықтың рухани негізін құрайтын басты қасиеттердің бірі – адалдық пен әділдік. Бұл құндылықтар ұлттың мәдениеті мен болмысының айнасы болып табылады. Адалдық – адамның өз ісіне, сөзіне берік болуы, шындықты ту етіп ұстауы. Ал әділдік – қоғамдағы теңдікті сақтау, әркімге еңбегіне сай бағасын беру, туралықтан таймау. Қазақ халқы ежелден «Адалдық – ардың ісі», «Әділдік – елдің тұтқасы» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-аналар баланы адал еңбекке, әділ шешімге, шындықты айтуға баулыған. Бұл қасиеттердің сақталуы ұлттың береке-бірлігін арттырады, қоғамдағы сенімді нығайтады. Қазіргі жаһандану дәуірінде де адалдық пен әділдік маңызын жойған жоқ. Керісінше, сыбайлас жемқорлықпен күресте, жастарды тәрбиелеуде, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауда бұл құндылықтардың рөлі ерекше. Адал азамат – елінің болашағына сенімді тірек, әділ басшы – халықтың үмітін ақтайтын тұлға.



У.Б.Татыкаева

П.Б.Тасенова

Р.Абдуллаева